


Директорлар кеңесінің шешімімен
«Академик Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
(07.10.2020 жылғы №4 Хаттама)
БЕКТЕЛДІ



**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ -ғы
оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы
ЕРЕЖЕ**

1 Жалпы ережелер

1.1 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ -ғы оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) әлеуметтік қорғау, білім алушылардың академиялық үлгерімін арттыруға ынталандыру және материалдық қолдау, сондай-ақ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде» КЕАҚ мамандардың үш деңгейлі дайындығын (бакалавриат, магистратура, PhD) іске асыру, кадрлық әлеуеттің сабақтастығын қамтамасыз ету (гранттар болмаған немесе болмашы мөлшерде болған жағдайда) мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

1.2 Ереже оқу ақысын төмендету немесе ақы төлеуден босату негіздері мен шарттарын реттейді, төлемді төмендету үшін шектерді белгілейді, сондай-ақ оқу ақысын төмендетуге үміткер білім алушылардың санаттарын анықтайды.

2 Бакалавриатта білім алушыларға оқу ақысын төмендету және оқу ақысын төлеуден босату

2.1 Оқу ақысын төлеуден босатуға үміткер болуға құқығы бар:

- тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған, халықаралық және республикалық конкурстардың орындаушыларымен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ өздері таңдаған мамандығы олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда ағымдағы оқу жылының жалпы білім беретін пәндер бойынша Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

- «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ

оқытушылары мен қызметкерлері.

2.2 Оқу ақысын төмендету білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартта көрсетілген оқу құнынан тіркелген пайыздарда жүргізіледі.

2.3 Келесі міндетті шарттар мен негіздерде қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқитындарды қоспағанда, келесі студенттер оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік алу мүмкіндігіне ие:

- «Алтын белгімен» марапатталған тұлғалар – 50%;

- Қарағанды университетінде бекітілген тізбе бойынша бейіндік пәндер бойынша өткізілетін республикалық, аймақтық олимпиадалардың және стартап жобалар конкурстарының бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдармен және «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ тиісті сертификаттарымен марапатталған жеңімпаздары (таңдаған мамандығы олимпиада пәніне сәйкес келген жағдайда) 1-орын – 50% (1 адам); 2-орын – 30% (1 адам); 3-орын – 20% (1 адам);

- жетімбалалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе олардың қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары (қажетті растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда) – 50%;

- медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысына сәйкес ЖОО-да оқуға қарсы көрсетілімдер жоқ мүгедекбалалар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер (қажетті растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда) – 10%;

- оқытушылардың немесе қызметкерлердің балалары: ата-анасының жұмыс өтілі 5 жылдан 10 жылға дейін болғанда – 15%-ға дейін, 10 жылдан 15 жылға дейін – 25%-ға дейін, 15 жылдан және одан жоғары болғанда – 50%-ға дейін (құжаттарды тапсыру кезінде ата-анасы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде» жұмыс істеген жағдайда);

2.4 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-ы шетелдік ЖОО-да кем дегенде бір академиялық кезеңде академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысқан немесе бірлескен/екі дипломды білім бағдарламалары бойынша оқитын студенттерге бір оқу жылының ақысына 50% жеңілдік береді.

Оқытушылар немесе қызметкерлер оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер алу үшін жұмыс істеу бойынша міндеттемені көздейтін университетпен келісім жасасу қажет.

3 Бакалавриатта оқу ақысын төлеу үшін жеңілдіктер беру және тоқтату тәртібі

3.1 Оқу ақысын төлеуге жеңілдік беру «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Басқарма кеңесінің шешімі негізінде және қабылдау комиссиясының ұсынысы немесе студенттің/ ата-ананың әтініші бойынша бір академиялық кезеңге беріледі.

3.2 Жеңілдікті кейіннен ұзарту факультет деканының ұсынысы және Басқарма кеңесінің шешімі негізінде бір академиялық кезеңге сессияны толық әрі жақсы деңгейде тапсырған жағдайда жүзеге асырылады.

3.3 Білім алушы оқу тәртібін және корпоративтік этика кодексін бұзғаны үшін оқудан шығарылған жағдайда оқуға ақы төлеу жеңілдіктері оқудан шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап тоқтатылады.

3.4 Осы Ережемен көзделмеген жеңілдіктер беру жөніндегі мәселелерді шешу «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Басқарма кеңесінің құзыретіне жатады.

4 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға оқу ақысын төмендету және оқу ақысын төлеуден босату

4.1 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ білім алушыларына оқу ақысын төмендету немесе оқу ақысын төлеуден босату ғылыми мектептердің сабақтастығын қамтамасыз ету және университеттің ғылыми қызметін жандандыру, ғылыми дәрежесі мен атағы бар қызметкерлер санын арттыру, жоғары оқу орнының кадрлық әлеуетін дамыту, білім алушыларды әлеуметтік және материалдық қолдау мақсатында жүргізіледі.

4.2 Магистратура және докторантура (PhD) бағдарламалары бойынша білім алушыларға «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқу ақысын төмендету немесе оқу ақысын төлеуден босату ұсынылады.

4.3 Магистратураның екінші курсына немесе докторантураның екінші-үшінші курстарында ақылы негізде оқитын оқу ақысын төмендетуге үміткерлердің тиісті құжаттармен расталған жоғары ағымдағы академиялық көрсеткіштері, ғылыми жетістіктері, оның ішінде нөлдік емес Импакт-факторы бар жоғары рейтингтік отандық және шетелдік журналдарда жарияланымдарының, патенттер мен алдын ала патенттерінің, авторлық куәліктерінің болуы керек, олар қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысуы тиіс.

4.4 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқу ақысын төмендету Басқарма кеңесінің шешімі негізінде беріледі. Оң шешім қабылданғаннан кейін «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» және магистратурада/докторантурада (PhD) білім алушы арасында университетте міндетті жұмысты қарастыратын Келісім жасалады.

4.5 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқу ақысын төлеуден босату (төлемді төмендету) туралы мәселелерді қарастыру үшін факультет декандары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсыныстары мен өтініштері, академиялық аттестаттау қорытындысы бойынша комиссияның ұсыныстары негіз болып табылады.

4.6 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқу ақысын төлеуден босату университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде белгіленген оқу кезеңіне ұсынылған құжаттар, өтініштер, ұсыныстар бойынша беріледі.

4.7 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқу ақысын төлеуден босату туралы шешімді ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылдайды.

4.8 Оқу ақысын төлеуден босату туралы оң шешім қабылданғаннан кейін «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ магистратурада/докторантурада (PhD) білім алушы арасында докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін КЕАҚ «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде» кемінде бес жыл, магистрлік диссертацияны қорғағаннан кейін – кемінде үш жыл міндетті жұмыс істеуді көздейтін Келісім жасалады.

4.9 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқу ақысын төлеуден босатылған білім алушы жыл сайын 1 тамызға дейін Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітілген комиссияның қарауына білім алушының академиялық және ғылыми жетістіктері туралы ақпаратты қамтитын магистранттың/докторанттың жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы толық есепті, академиялық кезеңдегі жарияланған ғылыми жұмыстардың тізімін ұсынады. Білім алушының есебі негізінде комиссия оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктерді ұзарту немесе тоқтату туралы ұсыныс береді.

4.10 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-ы шетелдік ЖОО-да кем дегенде бір академиялық кезеңде академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысқан немесе бірлескен/екі дипломды білім бағдарламалары бойынша оқитын магистрант/докторанттардың бір оқу жылының ақысына 50% жеңілдік береді.

4.11 Осы «Ережемен» қарастырылмаған оқу ақысын төлеуден босату туралы мәселелерді шешу «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесінің құзыретіне жатады.

